

"Металл сынықтарына радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" санитарлық-эпидемиологиялық ережелері мен нормаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2005 жылғы 8 шілдедегі N 335 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 16 тамызда тіркелді. Тіркеу N 3791. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 29 шілдедегі № 565 Бұйрығымен.

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010.07.29 № 565 (ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

"Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 10) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған "Металл сынықтарына радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" санитарлық-эпидемиологиялық ережелері мен нормалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті (Байсеркин Б.С.) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жолдасын.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Ұйымдастыру-құқықтық жұмыс департаменті (Акрачкова Д.В.) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін ресми жариялауға жолдасын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі, Бас мемлекеттік санитарлық дәрігері А.А. Белоногқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

М и н и с т р д і ң

міндетін атқарушы

"КЕЛІСІЛДІ"

ресурстар министрлігі
Атом энергетикасы жөніндегі
комитетінің төрағасы

2005 жылғы 14 шілде

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрінің
М. а. N 335 бұйрығымен
2005 жылғы 8 шілдеде
бекітілген

"Металлсынықтарындағы радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" туралы санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормалар 1. Жалпы ережелер

1. "Металлсынықтарындағы радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін гигиеналық талаптар" туралы санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормалар (бұдан әрі - санитарлық ережелер) қара және түсті металлдардың сынықтарын (металлсынықтары) сақтағанда, тасымалдағанда және сатқанда халықтың радиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін ұйымдарға және жеке тұлғаларға арналған.

2. Осы ережелерде мынандай терминдер мен анықтамалар пайдаланылды:

1) металлсынықтары (түсті және қара металлдардың сынығы) - өнеркәсіптік және тұрмыстық салада өзінің тұтынушылық қасиетін жоғалтқан немесе істен шыққан өнімдерден тұратын, құрамында түсті немесе қара металл бар және қайта өңдеуге ғана жарамды өндірістік және тұтыну кәсіпорындарының қалдықтары;

2) металлсынықтарының тобы - металлсынықтарын жекеше түрде жинау (бір немесе бірнеше көліктік бірліктерге - платформаға, вагонға, автокөлікке жүк тиейтін контейнерге тиелген металлсынықтарының мөлшері);

3) балама доза қуатының жергілікті көзі - металлсынығының жеке фрагменттерінің маңында немесе оның бетінен (10 см-ден аспайтын ара қашықтықтағы) гамма-сәуле көзінің радионуклидтерді шығару мүмкіндігі 0,2 мкЗв/с (бұдан әрі - зиверт сағаттан) асатын (оның құрамындағы табиғи фонды есепке алмағанда) болатын балама доза қуатының (бұдан әрі - БДҚ) мәні;

4) гамма сәуле көзінің БДҚ-сы-металл сынықтарының (табиғи фонды есепке алмағанда) партиясының (фрагменттерінің) бетінің жанындағы (10 см-ден аспайтын ара қашықтықтағы) радионуклидтер құрамындағы гамма-сәулесінің балама доза санының қуаты;

5) гамма-сәуле көзінің ең жоғарғы балама доза қуаты (бұдан әрі - ЕЖБДҚ) -

металл сынықтары (табиғи фонды есепке алмағанда) партиясының (фрагментерінің) беті жанындағы (10 см-ден аспайтын ара қашықтықтағы) радионуклидтер құрамындағы гамма-сәулесінің ең жоғарғы балама дозасының қ у а т ы н ы ң т і р к е л г е н м ә н і ;

б) металлсынықтарының радиоактивті ластануы - материалдардың бетінде, ішінде, ауада, адамның денесінде және басқа да жерлерде бекітілген радиациялық қауіпсіздік нормасы деңгейінен асатын радиоактивті заттардың болуы.

2. Металлсынықтар өндірістік радиациялық бақылау жұмыстарын жүргізгенде радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар

3. Металлсынықтарын жинаумен (дайындаумен), сақтаумен, қайта өңдеумен және сатумен шұғылдануға лицензиясы бар заңды тұлғалар, ұйымға келіп түсетін барлық металлсынықтарының тобына өндірістік радиациялық бақылау жасауды қамтамасыз етуі керек.

4. Металлсынықтарына жүргізілетін радиациялық бақылау мыналарды қ а м т а м а с ы з е т у і к е р е к :

1) металлсынықтарының партиясы беті жанында гамма-сәулесінің деңгейі табиғи фоннан 0,05 мкЗв/с асқанын анық түрде анықтау;

2) металлсынықтары партиясының үстінен (көлік жүйесінен) 10 см ара қашықтықта гамма-сәулесінің БДҚ-сын 0,2 мкЗв/с асатын барлық жергілікті с ә у л е к ө з д е р і н а н ы қ т а у ;

3) тексеріс жүргізетін орындардағы альфа сәуле көзі ағынының тығыздығын н а қ т ы а н ы қ т а у ;

4) тексеріс жүргізетін орындардағы бета сәуле көзі ағынының тығыздығын нақты анықтау;

5. Металлсынықтарына жасалынатын өндірістік радиациялық бақылау мынандай жағдайларда жүргізіледі:

1) металлсынықтарын сақтап жинайтын орындарға, қоймаларға (алаңдарға) қ а б ы л д а ғ а н д а ;

2) металл сынықтарының партиясын сатуға дайындағанда;

3) металл сынықтары тиелген көліктерді тұтынушыға жіберердің алдында;

4) тұтынушы металл сынықтарын алғанда;

5) иондайтын сәуле көздері бар құралдарды, аппараттарды немесе басқа да жабдықтарды тасыған көліктерді өңдегенде;

б) көліктегі құралдардың сәуле көзінің шкаласы құрамында тұрақты түрде

әсер ететін радионуклидтері бар екені анықталған көліктерді өндегенде;

7) радиоактивті заттар сақталған немесе тасымалдаған көліктерді өндегенде.

6. Металл сынықтары партиясының радиоактивті ластануының бақыланатын өлшемдеріне мыналар жатады:

1) гамма-сәулесінің БДҚ-сы;

2) альфа-бөлшектері ағынының тығыздығы;

3) бета-бөлшектері ағынының тығыздығы.

7. Өндірістік радиациялық бақылау жүргізу үшін, металлсынықтары осы ережелер бойынша радиоактивті түрде ластанғанда, дозиметриялық және радиометриялық аппаратураларды қолданады. Өндірістік радиациялық бақылау жүргізетін аппаратуралардың Мемлекеттік тексерістен өткендігі туралы сертификаты болуы керек.

8. Радиациялық бақылаудың қорытындысы осы санитарлық ережелердің 1 қосымшасында көрсетілген арнайы журналға тіркеледі.

9. Өндірістік радиациялық бақылау, осы санитарлық ереженің 2-қосымшасында көрсетілген металлсынықтарына өндірістік радиациялық бақылау жүргізетін әдістемеге сай жүргізілуі керек.

10. Әртүрлі құрал-жабдықтар, көліктік құралдар және басқа да түсті және кара металлдан жасалған бұйымдар бөлшектенер алында радиациялық бақылаудан өтуі керек. Радиоактивті көз бар құрал-жабдықтардың, сондай-ақ тұрақты әсер ететін жарық құрамы бар аспаптардың иесі, оларды бөлшектеп тексеріске дайындауы керек.

11. Құрал-жабдықтар мен аспаптарды бөлшектегеннен кейін оларға қайтадан өндірістік бақылау жүргізіледі.

12. Металлсынықтарын пайдаланудан бұрын, оларды жинауға арналған алаңдар мен үй-жайларға өндірістік радиациялық бақылау жүргізіледі.

Алаңның үсті қатты жабындымен жабылып, жауын-шашын сулары ағып кететіндей еңіс ойықтармен жабдықталып, жан-жағынан қоршалып, жарықтандырылуы керек.

13. Металлсынықтарының партиясын мынандай жағдайда сатуға рұқсат етіледі:

1) металлсынықтарының бетіндегі гамма-сәуле көзінің БДҚ-сы табиғи фонның үстінде $0,2$ мкЗв/сағ аспаса;

2) альфа сәулесінің тығыздығы 1 шаршы сантиметрге $0,04$ беккерель (бұдан әрі - Бк/см²) аспаса;

3) бета сәулесінің тығыздығы 1 шаршы сантиметрге $0,4$ Бк/см² аспаса.

3. Металлсынықтарында радиобелсенді ластану анықталғанда радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар

14. Заңды тұлғалар гамма-сәуле көзінің деңгейі табиғи фонның үстінен 0,2 мкЗв/сағ асатын аумаққа бөтен адамдардың кіруін шектейтін шараларды қолдануы керек.

15. Металлсынықтарының радиобелсенді ластану анықталған жағдайда, заңды тұлғалар жұмысты шұғыл тоқтатып, ол туралы 24 сағат ішінде санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік органдарын хабардар етуі керек.

16. Металлсынықтары топтамасының кейбір учаскелерінде радиациялық ластану анықталған жағдайда жүргізілетін өндірістік радиациялық бақылау мынандай жұмыстарды қамтуы керек:

1) металлсынықтарының топтамасын толық тексеріп, ондағы локалді түрде кездесетін барлық гамма-сәуле көзін анықтау;

2) металл сынықтары партиясының бетіндегі гамма-сәулесінің БДҚ-сына ө л ш е у жү р г і з у ;

3) металл сынықтарының бетінде альфа және бета радионуклидтерімен ластануы орын алғанда міндетті және толық түрде тексеріс жүргізу;

4) металл сынықтарындағы радионуклидтердің гамма-сәулесі (табиғи радиациялық фон үстіндегі) БДҚ-сының 0,05 мкЗв/сағ. аспайтын төменгі сенімді шегімен қоса гамма-сәулесінің барлығын анықтау;

5) өлшеу жүргізілетін орындағы альфа-сәуле көзі ағынының тығыздығы 0,04 (бөлшектен (см². с) асатындығын анық түрде анықтау;

6) өлшем жүргізілетін орындағы бета-сәуле көзі ағынының тығыздығы 0,4 (бөлшектен (см². с) асатындығын анық түрде анықтау.

17. Металлсынықтарының тобында анықталған барлық локалді радиобелсенді көздер алынып тасталынып, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы қолданыста жүрген нормативтік-құқықтық актілерге сай қайта өңделуге жіберілуі керек.

18. Радиобелсендік сәуле көзін металлсынықтарының арасынан алып тастау жұмыстарын осы ұйымның арнайы дайындалған қызметкері жүргізеді.

19. Металлсынықтарының тобынан алынған локалді радиобелсенді көздерді уақытша сақтау үшін, металлдан жасалған контейнерге салып, сақталуын және бөтен адамдардың рұқсатсыз кіруіне мүмкіндік тудырмайтын осындай жағдайға арнайы жасалған үй-жайларда орналастырады. Жергілікті сәуле көзі бар контейнер орналасқан үй-жайдың сыртқы қабырғаларының бетіндегі

гамма-сәулесінің БДҚ-сы (табиғи фонды есепке алмағанда) 0,1 мкЗв/с аспауы керек. Жергілікті сәуле көзін сақтау және оны көму тәртібі мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалаудың аумақтық органдарымен келісіледі.

"Металлсынықтарындағы радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" туралы санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларға

1-қосымша

Металл сынықтарына жасалатын өндірістік радиациялық бақылауды тіркейтін журнал

Өнеркәсіптің атауы _____

Мекен-жайы, телефоны _____

Радиациялық бақылауға жауапты адамның аты-жөні және қызметі _____

Журнал 200__ж. "_____" басталды

Журнал 200__ж. "_____" аяқталды

Беттерінің саны

N р/н	Айы, күні	Ме- талл сы- нық- тары- ның ата- уы, мөл- шері (кг)	Жаб- дық- тау- шы	Тау- а р кұ- жат- та- ма- сы- ның нө- мірі мен бе- ріл- ген күні	Өл- шеу- ді жүр- гіз- ген, қол- да- ныл- ған құ- рал- дар (ата- уы, нө- мірі)	Радиациялық бақылаудың қорытындысы			
						Фон- дық мән- дер	Беткі қа- бат- тағы фон- ның жо- ғарғы мөл- шері	Беткі қабат- тағы ЕЖБДҚ	Өлшеуді жүр- гізген адамның қолы

"Металлсынықтарындағы радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" туралы санитарлық-

Металлсынықтарына өндірістік радиациялық бақылау жүргізудің әдістемесі

Металлсынықтарында радиациялық ластану орын алса, жүргізілетін өлшеу жұмыстары міндетті түрде оны анықтайтындай жағдайда жүргізілуі керек.

Ол үшін топталған металлсынықтары бір қабат болып орналастырылып, гамма сәуле көзінің мөлшерін жан-жағынан өлшеу керек, ал альфа және бета бөлшектерін бір жағынан ғана өлшеу керек.

Топталып жиналмаған металлсынықтарын аумаққа қалыңдығы 0,5 м аспайтындай етіп жинап, мұндағы гамма сәуле көзінің қуатын БДҚ деңгейі табиғи фонның үстінде артық болғанда радиометр арқылы 1 м тор ішіндегі деңгей анықталынады. Егер сәуле көзінің барлығы анықталған жағдайда тор жиілігі арта түсуі керек. Альфа және бета бөлшектерінің тығыздығын өлшеу өлшенетін топтың ұзындығы мен ені бойынша әрбір 0,5 м аралықта үздіксіз бақыланып, әрбір 0,5 м сайын белгіленген нүктеде өлшеудің саны анықталынады.

Үлкен мөлшердегі механизмдерді, станоктарды, көлік, жол, құрылыс техникаларын басқа да салмағы 1 тоннадан артық заттарға өндірістік бақылау жүргізгенде, өлшеу жұмыстары басқару механизмдерінің арасында сырт жағынан жүргізіліп, керек болса іш жағынан да өлшеніледі.

Металлсынықтарын 0,5 м қалыңдықта алаңда жинауға мүмкіндік болмаған жағдайда, өлшеу жұмыстары тиерде немесе түсірерде жүргізіледі. Мұндай да БДҚ-ны және бөлшектер ағынының тығыздығын өлшеу көтеру механизмімен (кран, тельфер, экскаватор және т.б.) әрбір топқа жүргізіледі. Өлшеу саны көтерілетін металлтоптарының санына сай болуы керек.

БДҚ-ны өлшеу өлшейтін беттен 10 сантиметр (бұдан әрі - см) алыстықта, ал альфа, бета бөлшектерін өлшеу өлшенетін беттерден 1 см қашықтықта жүргізілуі керек.

Металлсынықтарын жинайтын орында металлсынықтарына радиациялық өндірістік бақылау жүргізерден бұрын аумақтың табиғи БДҚ-сы өлшеніледі. Ол үшін бақыланатын металлсынықтарынан 15-20 м жерде 10 см биіктіктегі табиғи фон өлшеніледі. Бөлшек ағындарының тығыздығын өлшеу жұмыстарын жүргізерден бұрын өлшейтін құралдың өз фонын өлшеп, оны алып тастау керек.

Аумақтағы табиғи радиациялық фон 5 рет жүргізілген өлшемнің орта арифметикалық саны арқылы анықталынады.

Металлсынықтарының радиобелсенді ластануына баға беру радиометр немесе дозиметрдің ең жоғарғы көрсеткіштер арқылы бағаланылады. Металлсынықтарының тобы немесе топтың бөлігі (жеке заттар) мынандай жағдайда радиобелсенді ластанған деп табылады, егер:

1) металлсынықтарының бетіндегі гамма-сәуле көзінің БДҚ-сы табиғи фонның үстінде $0,2$ мкЗв/сағ аспаса;

2) альфа сәулесінің тығыздығы 1 шаршы сантиметрге $0,04$ беккерель (бұдан әрі - Бк/см²) аспаса;

3) бета сәулесінің тығыздығы 1 шаршы сантиметрге $0,4$ Бк/см² аспаса.